

Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1484 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 86 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.05.19 № 86 Жарлығымен.

Қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы:

1) мемлекеттік басқаруды ода әрі орталықсыздандыру мәселелері жөніндегі заңдарды қолданысқа енгізгеннен және жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізгеннен кейін Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын белгілесін, ұйымдастырсын және кезең-кезеңімен өткізсін; < * >

2) осы Жарлықта көзделген сайлау өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің саны мен тізбесін облыстардың әкімдерімен бірлесіп айқындасын.

Ескерту. 2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2005.07.08. N 1613 Жарлығымен .

3. "Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдар (селолар), кенттер әкімдерін сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 23 маусымдағы N 633 Жарлығының 1-тармағының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 21, 259-күжат).

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың әкімдері аталған сайлауды ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды қолдансын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 6 желтоқсандағы
N 1484 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық)
округтері, ауылдары (селолары), кенттері
әкімдерінің сайлауын өткізудің
ережелері**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізудің тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әкімдерді сайлау тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумақтарында
тұрғылықты халық саны:

бес мың адамға дейін болса - жалпыға ортақ тең әрі төте сайлау құқығы
негізінде жасырын дауыс беру арқылы;

бес мың адамнан астам болса - жанама сайлау құқығы негізінде жасырын
дауыс беру арқылы өткізіледі. Жанама сайлау құқығы аталған әкімдерді
азаматтардың өз өкілдері - таңдаушылар арқылы сайлаудан тұрады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Әкімдердің кезекті сайлауын Орталық сайлау комиссиясы әкімдердің
өкілеттіктер мерзімі аяқталардан кемінде қырық бес күн бұрын белгілейді.
Шығып қалған әкімдердің орнына сайлауды облыстық, Астана және Алматы
қалаларының сайлау комиссиялары облыстардың, Астана және Алматы қалалары
әкімдерінің ұсынуы бойынша әкімнің өкілеттіктері мерзімінен бұрын
тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей тағайындалады.

3. Әкімдерді сайлауға тиісті аумақта тұратын Қазақстан Республикасының
азаматтары қатысуға хакылы.

4. Кандидаттардың осы Ережелерде белгіленген шекте сайлауға қатысуға тең құқықтары бар.

2-тарау. Сайлау жүйесі

5. Әкімдерді сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады: басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың не таңдаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып с а н а л а д ы .

6. Әкімдер сайлауын өткізгенде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағы сайлау округі болып табылады.

7. Әкімдердің сайлауын дайындау мен өткізуді ұйымдастыратын сайлау органдары тиісті аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары болып т а б ы л а д ы .

8. Жанама сайлау құқығын пайдаланған кезде тиісті аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен әкімдерді сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының функцияларын орындайтын сайлау комиссиялары а й қ ы н д а л а д ы .

9. Округтік сайлау комиссиясы:

1) жиналыстар (жиындар) өткізу үшін елді мекен, көше, махалла тұрғындарының қажетті санын белгілейді;

2) таңдаушыларды сайлау үшін тұрғындардың жиналыстарын (жиындарын) өткізуді ұйымдастырады;

3) әкімдікке ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;

4) дауыс беруге арналған бюллетень мәтінін бекітеді;

5) дауыс беруге арналған пунктті дайындайды, дауыс беруге арналған кабиналар мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді;

6) әкімді сайлаудағы дауыс беру нәтижелерін белгілейді, дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы әкімді тіркеу үшін аудандық (қалалық) сайлау

комиссиясына

тапсырады;

7) қайта сайлау өткізеді;

8) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға және осы Ережелерге сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Таңдаушыларды сайлау.

Таңдаушылардың тізімі. Сайлаушылардың тізімі

10. 18 жасқа толған, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұрғылықты тұратын және белсенді сайлау құқығына ие азаматтар сайлаушылар мен таңдаушылар бола алады.

11. Тиісті аумақта таңдаушыларды сайлау үшін тұрғылықты жері бойынша азаматтардың жиналыстары (жиындары) өткізіледі.

12. Жиналыстарды (жиындарды) елді мекендердің аумақтары, көшелері, махаллалары бойынша округтік сайлау комиссиясы шақырады.

13. Жиналыстардың (жиындардың) жұмысына 18 жасқа толған және сол аумақта тұратын азаматтар қатысады.

14. Жиналысқа округтік сайлау комиссиясы белгілеген санына сәйкес, елді мекеннің, көшенің, махалланың сайлаушыларының көпшілігі қатысса, құқықтық күші бар болып табылады.

15. Округтік сайлау комиссиясы, тиісті округ үшін белгіленген таңдаушылардың санына байланысты, олардан бір таңдаушы сайланатын сайлаушылардың қажетті санын дербес белгілейді.

16. Елді мекендер үшін таңдаушылардың санын тұрғындардың санына байланысты 20-дан 100-ге дейін таңдаушылар шегінде Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

17. Жиналыста (жиында) таңдаушыны (таңдаушыларды) сайлау ашық дауыс беру арқылы жүргізіледі және ол тұрғындар жиналысының (жиынының) төрағасы мен хатшысының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың

дауыс санының көпшілігін алған таңдаушы сайланған деп саналады.

18. Жанама сайлау құқығымен әкімдердің сайлауын өткізген кезде таңдаушылардың тізімдері жасалады.

19. Төте сайлау құқығы кезінде сайлаушылардың тізімдері "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жасалады.

20. Тиісті жергілікті атқарушы орган тұрғындарды есепке алуды жүргізетін органдар ұсынатын мәліметтердің негізінде тұрғылықты жері бойынша сайлаушылардың тізімдерін жасайды.

21. Азаматты нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

22. Азамат сайлаушылардың (таңдаушылардың) бір ғана тізіміне енгізілуі мүмкін.

23. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімдері сайлаушыларға танысу үшін дауыс беру күніне он күн қалғанға дейін ұсынылады.

24. Азаматтарға тиісті учаскелік (округтік) сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімдерімен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

25. Әрбір сайлаушыға (таңдаушыға) тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ сайлаушы (таңдаушы) туралы деректерде тізімде жіберілген жаңсақтықтар үшін шағымдану құқығы беріледі. Тізімдерге түзетулер жасау қажеттігі туралы арыздарды тиісті сайлау комиссиясы үш күн мерзімнен кешіктірмей, ал дауыс беру қарсаңында және дауыс беретін күні дереу қарайды. Учаскелік (округтік) сайлау комиссиясының шешіміне жоғары тұрған сайлау комиссиясына шағымдануға болады.

4-тарау. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну және тіркеу

26. Сайлау күні туралы хабарламаны тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы жеткізеді.

27. Әкім болып сайлануы үшін азаматтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес белсенді сайлану құқығы болуға тиіс.

28. Әкімдікке 25 жасқа толған және тиісті облыстың аумағында тұратын, сондай-ақ оларға мемлекеттік қызметшілерге қойылатындай талаптарға сай келетін азаматтар кандидат бола алады.

29. Кандидаттарды ұсыну құқығы - сайлау құқығына ие саны кемінде елу адам жиналатын азаматтардың жиналысына, сондай-ақ азаматтарға - өзін-өзі ұсыну арқылы тиесілі.

30. Кандидаттарды ұсыну туралы шешім ашық дауыс беру жолымен жиналысқа қатысқан азаматтардың көпшілік даусымен қабылданып, тиісті хаттамамен ресімделеді.

31. Азаматтар жиналысының шешімі:

1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге әкімдерді сайлау жөніндегі тиісті аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясына жолданады.

32. Кандидаттарды өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсыну әкімдерді сайлау жөніндегі тиісті аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясына тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында әкімдікке кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі.

33. Ұсынылатын кандидаттар саны шектелмейді.

34. Кандидаттарды ұсыну сайлау күнінен қырық бес күн бұрын басталып, одан отыз күн бұрын аяқталады.

35. Бірде-бір кандидат ұсынылмаған не барлық ұсынылған кандидаттар өздерін тіркегенге дейін кандидатураларын алып тастаған жағдайда, әкімдерді

сайлау жөніндегі аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсынудың мерзімін ұзартады.

36. Әкімдерді сайлау жөніндегі аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясы кандидаттың осы Ережелерде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтайды.

37. Кандидатты тіркеу мына құжаттар болған жағдайда:

1) азаматтар жиналысының хаттамасы;

2) әкімдікке кандидат болып дауысқа түсуге келісімі (ниеті) туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке бас куәлігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

38. Тиісті сайлау комиссиясы кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды.

39. Тиісті сайлау комиссиясы:

1) кандидаттарды тіркегеннен кейін әрбір кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, атқаратын лауазымы, кандидаттың қалауына қарай оның қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркегені туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзгеше тәсілмен хабарлайды;

2) тіркелген кезде кандидаттарға тиісті куәлік береді;

3) мына жағдайда:

кандидатты ұсыну ережелері бұзылғанда;

кандидат лауазымдық немесе қызметтік жағдайларының артықшылықтарын пайдаланғанда;

сайлау комиссиясы кандидатты тіркегенге дейін оның сайлау алдындағы үгіт жүргізу фактілері анықталғанда;

сайлаушыларды сатып алу фактілері анықталғанда;

осы Ережелерде көзделген өзге де талаптар сақталмағанда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

40. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күші жойылуына кандидат үш күн мерзім ішінде жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Бұл ретте жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап бес күн мерзім ішінде шағым бойынша шешім шығарады.

41. Кандидатты тіркеу дауыс беру күнінен қырық күн бұрын басталып, дауыс беру күніне жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

42. Кандидат тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кезеңде бұл туралы әкімдерді сайлау жөніндегі аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясына жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

43. Мұндай жағдайларда сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

44. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін барлық кандидаттар шығып қалған жағдайда, сайлау мерзімін ұзарту туралы мәселені облыстық, Астана немесе Алматы қалалық сайлау комиссиялары шешеді.

5-тарау. Сайлау алдындағы үгіт және сайлауды қаржыландыру

45. Сайлау алдындағы үгіт барлық кандидаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша тіркелген күнінен басталады және сайлау қарсаңындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

46. Сайлау алдындағы үгіт:

1) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен және таңдаушылармен кездесулерді) өткізу жолымен;

2) баспа және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

47. Мемлекеттік органдардың, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының, сайлау комиссиялары мүшелерінің сайлау алдындағы үгіт жүргізуіне, сайлау алдындағы кез келген үгіт материалдарын таратуына тыйым салынады.

Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ кеудеге тағатын белгілерді, жалаулар мен жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тауарларды, қызмет көрсетуді, бағалы қағаздарды тегін беру, сондай-ақ ақша төлеу арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.

48. Белсенді сайлау құқығы бар азаматтар осы Ережелерге сәйкес белгілі бір кандидатты жақтап не оған қарсы кедергісіз үгіт жүргізуге хақылы.

49. Барлық кандидаттардың тиісті сайлау комиссиясында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша тіркелген кезінен бастап және үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттардың үгіт жүргізуге және сайлау алдындағы бағдарламасын насихаттауға құқығы бар.

50. Кандидаттар сенім білдірген адамдары болуына хақылы, олар өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектеседі, сайлау алдындағы үгітті жүргізеді, кандидаттардың мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, сайлау комиссияларымен қарым-қатынастарында мүдделеріне ө к і л д і к е т е д і .

51. Кандидаттар сенім білдірген адамдарын өз қалауы бойынша белгілейді және оларды тіркеу үшін әкімдерді сайлау жөніндегі аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясына хабарлайды.

52. Әкімдерді сайлау жөніндегі аудандық (қалалық) не округтік сайлау комиссиясы сенім білдірген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәліктер б е р е д і .

53. Сенім білдірген адам қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі бола а л м а й д ы .

54. Сенім білдірген адамдар өздеріне кандидат берген өкілеттіктер шегінде і с - қ и м ы л ж а с а й д ы .

55. Сенім білдірген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін немесе өз бастамасы бойынша не кандидаттың шешімімен өз мәртебесін тоқтатады.

56. Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

57. Сайлау комиссиялары орналасқан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдарын сол орнында қалдыруға болады.

58. Әкімдер сайлауын өткізу республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

Әкімдер сайлауындағы кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті осы Ережелер белгілеген тәртіпте құрылатын сайлау қорларының қаражаты есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Әкімдікке кандидаттың сайлау қорын:

1) жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен жиырма бес еседен аспайтын кандидаттың өз қаражаты;

2) жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен елу еседен аспайтын, азаматтардың және Республика ұйымдарының ерікті қайырмалдығы құрайды.

6-тарау. Әкімдерді сайлау

59. Әкімдерді сайлауда дауыс беру мен сайлау қорытындыларын анықтау "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңда белгіленген сайлау рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

60. Жанама сайлау құқығын пайдаланған кезде әкімді сайлау таңдаушылардың бірлескен отырысында өткізіледі.

61. Бірлескен отырыс осы әкімшілік-аумақтық бірлестік үшін белгіленген таңдаушылардың жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда құқықтық күші бар болып табылады.

62. Таңдаушылардың бірлескен отырысында төрағалық етуші округтік сайлау комиссиясының төрағасы болып табылады.

Таңдаушылардың бірлескен отырысының өткізілгенін куәландыратын құжат бірлескен отырыстың хаттамасы болып табылады.

63. Таңдаушылардың бірлескен отырысы өтетін үй-жайда округтік сайлау комиссиясы әкімді сайлау жөнінде дауыс беру пунктін ұйымдастырады.

Егер дауыс беру нәтижесінде бірнеше кандидат басқа кандидаттармен салыстырғанда таңдаушылардың көп бірдей дауыс санын алса, округтік сайлау комиссиясы барынша көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайта дауыс беруді тағайындайды. Қайта дауыс беру сол күні өткізіледі.

Сайлауға бір кандидат түскен жағдайда оған дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың елу процентінен астамы дауыс берсе, ол сайланған болып е с е п т е л е д і .

64. Округтік сайлау комиссиясының төрағасы әкімді сайлау жөніндегі дауыс берудің нәтижелерін жариялағаннан кейін бірлескен отырыс жабылады.

65. Әкімдерді сайлау жөніндегі округтік не учаскелік сайлау комиссиясы дауыс берудің нәтижелері бойынша аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына дереу жіберілетін дауыс беру хаттамасын жасайды.

66. Егер сайлау жарамсыз деп танылса, облыстық, Астана немесе Алматы қалалық сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды. Қайта сайлау өткізген кезде дауыс беру сол сайлау учаскелерінде (пункттерде) және бастапқы сайлауды өткізу барысында дайындалған сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдері бойынша жүзеге асырылады.

67. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлау кезінде жүзеге асыру көзделген сайлау іс-шаралары "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға және осы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

68. Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында х а б а р л а н а д ы .

69. Бастапқы сайлауда осы Ережелерді бұзған кандидаттардың қайта сайлауға қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

70. Сайлау қорытындылары аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының отырысында учаскелік не округтік сайлау комиссияларының хаттамалары

негізінде белгіленеді. Сайлау қорытындылары туралы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қойған хаттама жасалады және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

7-тарау. Әкімдерді тіркеу

71. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде сайланған әкімдерді тіркейді. Сайланған әкімді тіркеу туралы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының шешімі жоғары тұрған тиісті әкімге ұсынылады, ол сайланған әкімді бір тәулік ішінде тағайындайды.

72. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайланған әкімді тіркегеннен кейін әкімнің тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс орны (кәсібі) мен тұрғылықты жерін, әкімнің қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы хабарламаны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

73. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдерін жасау ережелері, дауыс беру мен дауыстарды есептеу, сайлау нәтижелерін айқындау тәртібі бұзылған, осы Ережелердің басқа да бұзылулары орын алған жағдайда, егер бұл әрекеттер сайлаушылардың немесе таңдаушылардың еркін білдіруінің нәтижелерін сенімді анықтауға мүмкіндік бермейтін болса, ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерінің сайлауын жарамсыз деп тани алады.

Бұл ретте кандидаттар осы шешімге ол қабылданған күннен бастап он күн ішінде сотқа шағымдана алады.

8-тарау. Әкімдердің өкілеттіктерін тоқтату және оларды қызметінен босату

74. Әкімнің өкілеттіктері мерзімінен бұрын:

1) өзі әкім болып табылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге көшкен;

2) оны іс-әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кетті немесе қайтыс болды деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

3) оған қатысты соттың анықтау үкімі заңды күшіне енген;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

5) қ а й т ы с б о л ғ а н ;

б) орнынан түсу жөнінде өзі өтініш берген жағдайда тоқтатылады.

75. Әкімнің өкілеттіктерін 74-тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтату оларда аталған жағдайлардың басталу сәтінен бастап жүреді және жоғары тұрған тиісті әкімнің шешімімен рәсімделеді.

Әкімнің өкілеттіктері 74-тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша, орнынан түсу жөнінде өтініш бергеннен кейін жоғары тұрған тиісті әкімнің шешімімен бір айдан кешіктірілмей тоқтатылады. Орнынан түсіруден бас тартылған жағдайда әкім қызметтік өкілеттіктерін атқаруды жалғастыра беруге тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте қызметінен кетуге құқығы бар.

7 6 . Ә к і м :

1) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін бұзған;

2) ол өз міндеттерін тиісінше атқармаған;

3) оның ұзаққа созылған (қатарынан үш айдан артық немесе күнтізбелік жыл ішінде алты ай) еңбекке жарамсыздығы жағдайларында атқаратын қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

77. 76-бапта көрсетілген негіздер бойынша, аудан (қала) прокурорының алдын ала қорытындысы болғанда және кейіннен тиісті аудандық (қалалық) мәслихат депутаттарының жалпы санының кем дегенде үштен екісінің келісімін алғанда, жоғары тұрған әкімнің шешімімен әкім атқаратын қызметінен б о с а т ы л а д ы .

78. Осы Ережелердің орындалуын бақылауды, олардың бірыңғай үлгіде қолданылуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Осы Ережелерде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының актілерімен шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК